

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ АБЫЛАЙ ХАН  
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ АУДАРМА ФАКУЛЬТЕТІ

ІЛЕСПЕ-АУДАРМАШЫ МАМАНДЫҒЫ

**СӨЖ**

Тақырыбы: Туризм

Орындаған: 201 топ студенті Қадірқұл Д.М.

Тексерген: Кыйсықова А.Ж.

Алматы-2014




**ТУРИЗМ**

# ЖОСПА

## Р

- Туризм жайлы түсінік
- Туризм саласының бөлінуі
- қазақстандағы туризм жағдайы
- статистикалық мәліметтер
- қазақстанның көрікті жерлері
- глосари
- пайдаланылған әдебиеттер



# Туризм жайлы түсінік

Туризм (франц. tourisme, tour – серуендеу, жол жүру) – адамның бос уақытындағы саяхаты, белсенді демалыстың бір түрі. Туризм – халықтың рекреациялық қажеттілігін (денсаулығын жақсарту, күш-қуатын қалпына келтіру, т.б.) қанағаттандырудың ең тиімді жолы. Туризм адамдардың қарым-қатынасын, танымдық қабілетін арттырып, мәдениет пен өнердің дамуына, ел экономикасының өркендеуіне өзіндік үлесін қосып, ел мәртебесін әлемге танытуға мүмкіндік туғызады.

халықаралық  
(шетелдік)

# ТУРИЗМ

ішкі  
(ұлттық)

# саяхат мақсатына қарай

СПОРТТЫҚ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

ТУРИЗМ

ОЙЫН-САУЫҚТЫҚ

ТАНЫМДЫҚ




# әлеуметтік мақсатына қарай

діни

ТУРИЗМ

этникалық

іскерлік






Туризм тек орын ауыстыру емес, ол көптеген экономикалық және әлеуметтік аспектілерді құрайды. Соңғы он жылда туризм мықты дербес индустрияға айналды. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мәліметтері бойынша туризм әлемнің өндірістік-сервистік нарық айналымының 10 пайызын қамтамасыз етеді. Туризм сферасына әлемдік ұлттық жиынтық өнімнің 6%, әлемдік инвестицияның 7%, әр 16-шы жұмыс орны, әлемдік тұтынушы шығындарының 11%, барлық салық түсімінің 5% келеді. Бұл сандар туризм индустриясының экономикаға тікелей әсерін көрсетеді.



# қазақстандағы жыл сайынғы туристтер саны мен олардан түсетін табыс көлемі





# қазақстандағы туризм жағдайы

■ көшпелі туризм

■ кірмелік туризм

■ ішкі туризм




# қазақстандағы туризм саласы

Туризм саласы экономиканы дамыту көздерінің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасында туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті. Тәуелсіздік алған соң мәдени және тарихи құндылықтарды жаңартуға бағытталған бұл саланы дамытуға алғышарттар жасалды. Сонымен қатар бұл өз кезегінде көліктік, инфрақұрылымдық, сауда орындары, денсаулық сақтау қызметтерін жетілдіруді қажет етеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасында туризмді экономиканың маңызды салаларының бірі деп жариялады.

# туризм саласындағы негізгі даталар

- 1993 жылы егемен Қазақстан Дүниежүзілік туристік ұйымына мүше болып, туризмді дамытудың алғашқы бағдарламасы жасалды;
- 1997 жылы «1997-2003 жылдары аралығында Ұлы Жібек жолындағы тарихи орталықтарды қайта жаңарту, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларын сақтау және туристік инфрақұрылымдарды құру туралы» мемлекеттік бағдарлама бекітілді.





ҚР үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасында туризм дамыту мәселесіне арнайы назар бөлінген. Бағдарламада қойылған мақсаттарға сәйкес, мемлекет іскер топтармен бірігіп еліміздің барлық облыстарында туристік инфрақұрылымды белсенді қалыптастыруда. Бұл орайда, халықаралық туристік орталықтарды, курорттарды және демалыс аймақтарын құрастыру саласындағы келесі үш ірі жобаны атап өтуге болады: Маңғыстау облысындағы «Кендерлі», Ақмола облысындағы «Бурабай» және Алматы облысы Қапшағай суқоймасы жағалауындағы «Жаңа Іле». Аймақ деңгейіндегі жобалардың ішінде Ақмоладағы «Шаржұм» демалыс аймағын, «Қатон Қарағай» емдеу-сауықтыру кешенін, «Шеберлер ауылы» этнографиялық кешенін және де Алматы облысындағы «Талхизді» секілді жобалар көзге түседі.

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

## қазақстандағы

Археологиялық  
және тарихи  
мұралар саны

• 9000 аса  
саны

9000 аса

Ерекше  
қорғалатын  
табиғи аумақтар  
саны

• 118  
табиғи  
ы

118

Мемлекеттік  
ұлттық табиғи  
парк саны

• 11  
табиғи

11

ALASKA®

**елдегі ең танымал  
орындар**

**«Алтын Емел»**

**«Іле-Алатау ұлттық паркі»**

**«Баянауыл»**

**«Көкшетау» мен «Бурабай»**

**Шарын шатқалы**



# Алтын Емел





**«Іле-Алатау ұлттық паркі»**



**«Баянауыл»**




**«Бурабай»**

# Шарын шатқалы



# Глосари

1. **Өз бетінше туризм – туристер өз бетімен ұйымдастыратын, жүріп -тұрудың белсенді тәсілдері пайдаланылатын саяхат.**
2. **Саяхат– бұл адамдардың уақыт пен кеңістікте қозғалуы, ал өзінің мақсатына, қозғалыс құралына және уақыт аралығына тәуелсіз саяхатта жүретін адамды саяхатшыдеп атайды.**
3. **Тур – белгіленген мерзімдер шеңберінде белгілі бір бағыт бойынша жасалатын саяхатты қамтитын туристік қызмет көрсетулер кешені.**
4. **Туризм географиясы– туризмнің аймақтық ұйымдастырылуын зерттейтін ғылым.**
5. **Турист- жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі мерзім кезеңінде уақытша болатын елді (жерді) аралап көретін және ақылы қызметпен айналыспай сол елде сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнеп шығатын жеке тұлға.**



# пайдаланылған әдебиеттер

1. С.Р.Есімжанова «Туристік нарық»,
2. Тойкин, Жайнақова, «Туризм дамуы»,
3. Ілиясов Д.Қ. «Туризм статистикасы»,
4. Котлер Ф. «Туризм негіздері».

